

**«City Transportation Systems» ЖШС қызметіндегі
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындыларын
жария талқылау нәтижелері бойынша кеңестің
№3 ХАТТАМАСЫ**

Астана қ.

**25.06.2023 ж.
сағат 09:00**

Төрағалық еткен:

Басқарма төрағасы Тажиев Г.Ж., Төраға орынбасарлары – Серіктестік Басқармасының мүшелері, басқарушы директор, Төраға орынбасары – Басқарма мүшесі, жұмыс тобының жетекшісі Рашитов Р.Б.

Қатысқандар:

Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары (тізім бойынша), СТІТ жүргізу жөніндегі жұмыс тобының мүшелері.

КҮН ТӘРТІБІ:

«City Transportation Systems» ЖШС қызметіндегі СТІТ нәтижелерін талқылау.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Комплаенс офицер кіріспе бөлімде «City Transportation Systems» ЖШС Басқарма төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2023 жылғы 23 мамырдағы № 03-2/64/1 бұйрығы (бұдан әрі – Бұйрық) негізінде Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнаманың талаптары шеңберінде жүргізілген СТІТ туралы қатысушыларды хабардар етті.

Талдау Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген), Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға (Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген), Серіктестік Басқармасы төрағасының 23.05.2023 жылғы № 03-2/64/1 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

- 1) Серіктестіктің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Серіктестіктің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Жүргізілген СТІТ нәтижелері бойынша талдамалық анықтама Серіктестіктің ресми сайтында орналастырылған.

Сонымен қатар, Серіктестік жұмыскерлерінен және өзге де азаматтардан СТІТ қорытындыларын жария талқылауға қатысуға туралы ресми ұсыныстар мен өтініштер түскен жоқ.

Жүргізілген СТІТ қорытындысы бойынша жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін көрсете отырып, талдамалық анықтама дайындады, сондай-ақ СТІТ нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – Жоспар) талқылау мен бекітуді жүргізді.

Әзірленген Жоспарға орындау мерзімдері мен жауапты адамдарды көрсете отырып, ішкі талдау барысында анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою туралы 7 ұсыныс енгізілді.

СТІТ жүргізу рәсімі қолданыстағы заңнама шеңберінде және белгіленген мерзімдерге сәйкес жүзеге асырылды.

Қорытындылау:

1. Жұмыс тобы ағымдағы жылғы 27 шілдеге дейін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі іс-шаралардың СТІТ нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – Жоспар) келісіп, «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ-ге жіберсін.

2. Серіктестік қызметтері Жоспарға сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша ұсынымдарды орындауы қажет (белгіленген аяқтау нысандары бойынша).

3. Жауапты адам комплаенс офицер жұмыс тобының құрамында белгіленген орындау мерзімдеріне сәйкес ұсынымдардың орындалуына мониторинг пен бағалауды жүзеге асырсын.

4. Серіктестік басшылығы, Серіктестік қызметтерінің жетекшілері комплаенс офицермен бірлесіп, Серіктестік қызметінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жолын кесу бойынша жүргізілетін жұмыстардың ұйымдастырылуын жүйелі бақылауды жүзеге асырсын.

5. СТІТ жүргізу мен оның қорытындыларына қатысты ішкі құжаттар (бұйрықтар, талдамалық анықтама, жоспарлар) Серіктестіктің ресми интернет-ресурсында орналастырылсын.

«City Transportation Systems» ЖШС
Басқарма төрағасы




Г. Тажиев

Жұмыс тобы:

Жұмыс тобының жетекшісі
Төраға орынбасары

– Басқарма мүшесі

 Р. Рашитов

Жұмыс тобының мүшелері:

Төраға орынбасары

– Басқарма мүшесі

 Р. Тәжен

комплаенс-офицер



С. Абдуллин

Заң департаментінің директоры



Р. Мұқажанов

Кадрлық жұмыс қызметінің жетекшісі



С. Медетбекова